

**«11» қаңтар 2016 жылғы  
№ СД 02-16 «АСКО» СК» АҚ  
Директорлар Кеңесі хаттамасымен  
БЕКІТІЛГЕН**

(09 қазан 2018 ж. №СД 45-18 директорлар Кеңесінің хаттамасымен расталған өзгерістермен)

**«САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ  
6-БАБЫ 3-ТАРМАҒЫНЫҢ 3)-7)-ТАРМАҚШАЛАРЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН  
ЖІКТЕЛІМДЕРДІ ҚОСПАҒАНДА МҮЛІКТІ ЗАЛАЛДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.**

1.1. Осы «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 3)-7)-тармақшаларында көрсетілген жіктелімдерді қоспағанда мүлікті залалдан ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) «АСКО» СК» АҚ-ның (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) сақтандыру шарттарын (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру Шарты) құру тәртібін және олар бойынша қабілетті азаматтармен немесе заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шарттарын анықтайтын ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

**Сақтандыру тәуекелі** - сақтандыру объектісінің жойылуы немесе бүлінуі мүмкін болатын ықтимал оқиға немесе оқиғалар жиынтығы.

**Сақтандыру жағдайы** – сақтандыру Шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін болған оқиға.

**Сақтандыру сыйақысы** – Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру Шартында анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

**Сақтандыру сомасы** – сақтанушы объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушы төлейтін ақша сомасы.

**Пайда алушы** – сақтандыру Шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Заңды тұлғалар да, азаматтар да Пайда алушылар бола алады.

**Қосарлы (көпше) сақтандыру** – бір объектіні бірнеше сақтандырушыларда әрқайсысымен дербес сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру.

**Тұрғын үй, тұрғын үйдің бір бөлігі** – бөлмелерден, сондай-ақ азаматтардың мұндай ғимаратта тұруына байланысты тұрмыстық және өзге де қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған қосалқы пайдалану үй-жайларынан тұратын өзіндік айқын ғимарат.

**Пәтер, пәтердің бір бөлігі** – мұндай үйдегі жалпы пайдаланылатын үй-жайларға тікелей қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және бір немесе бірнеше бөлмеден, сондай-ақ азаматтардың мұндай оңаша үй-жайда тұруына байланысты тұрмыстық және өзге де қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған қосалқы пайдалану үй-жайларынан тұратын көп пәтерлі үйдегі құрылымдық оңаша үй-жай.

**Үй мүлкі** – сақтандырудың уағдаласқан Шартындағы үй-жайда болған мүлік. Сақтандыру Шарты барлық мүлікке немесе оның жекелеген санаттары мен заттарына қатысты құрылуы мүмкін.

**Бөлме** – азаматтардың тұрғын үйде немесе пәтерде тікелей тұратын жері ретінде пайдалануға арналған тұрғын үй немесе пәтердің бір бөлігі.

**Құрылым** – тұрақты жерде тұрған және іргетасы, қабырғалары мен төбесі бар ғимараттың құрылымдық элементтері мен әрлеуі.

Әрлеу жұмыстарының барлық түрлері, қабырғалардың, едендердің сыртқы және ішкі жабындары (жылы едендерді қоса алғанда), төбелер (оның ішінде жабыстыру жұмыстары, аспалы және керме төбелердің жабдықтары, жеңіл бөлімдер, антресольдер), есік және терезе құрылымдары *әрлеу* болып табылады.

Сақтандырылған үй-жайлардағы санитарлық-техникалық және жылыту жабдығы, аспаптар (оның

ішінде сауналар, пештер, каминьдер жабдығы); су жылыту аспаптары (газ және электр бағаналары, қазандықтар, бойлерлер, сумен жылыту радиаторлары, орамал кептіргіштер, шағын сауналарға арналған жабдық), су тазарту жүйелері, өрт сөндіргіштер, күзет, телефон, телевизиялық коммуникациялар, интернет-желілері, газ және электр плиталары, электр санауыштар, кондиционерлер, домофондар, сондай-ақ құрылысқа, пәтерге, бөлмеге кіріктірілген немесе орнатылған, Сақтанушының (Пайда алушының) тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында пайдаланылатын басқа да жабдық *инженерлік жабдық* болып табылады.

**Аяқталмаған құрылыс** — пайдалануға беру үшін белгіленген тәртіппен қабылданбаған және мақсаты бойынша пайдаланылмайтын (тұру, қызмет көрсету, өнім шығару, пайда алу және басқа да пайдалану түрлері) құрылыс объектісі, аяқталмаған құрылыс объектілері, егер олардың іргетасы, қабырғалары, шатыры болған жағдайда ғана сақтандырылуы мүмкін.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.

- 2.1. Сақтандыру объектісі қайта өңдеу, жөндеу, тасымалдау, комиссияға, сақтауға немесе кепілге алу үшін қабылданған жалдау, жалға алу, лизинг шарттары бойынша мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың кез келген мүліктік мүдделері болуы мүмкін.
- 2.2. Барлық мүлік те, оның белгілі бір бөлігі де сақтандырылуы мүмкін.
- 2.3. Мүлік келесі топтарға бөлінеді:
  - тұрғын үй – тұрғын үй-жайлар (тұрғын үй, тұрғын үйдің бір бөлігі, пәтер, бөлме және т.б.);
  - құрылымдар – ғимараттар, құрылыстар, саяжай және шаруашылық құрылымдар;
  - өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлік, оның ішінде аяқталмаған құрылыс кезеңіндегі құрылым.
- 2.4. Сақтандыру Шартында мазмұндалған ерекше шарттарда осы Ережелердің негізінде сақтандырылуы мүмкін:
  - қолма-қол ақшалар;
  - бағалы қағаздар;
  - компьютерлік және соған ұқсас жүйелердің ақпарат тасымалдаушылары;
  - үлгілер, модельдер, көрме даналары;
  - жинақтар мен өнер туындылары;
  - Сақтанушының оларды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге және өткізуге лицензиясы болған кезде қару-жарақ пен оқ-дәрілер;
  - Сақтанушының оларды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге және өткізуге лицензиясы болған кезде жарылғыш заттар, тез тұтанатын (жаңғыш) сұйықтықтар мен газдар;
  - күшті әсері бар улар, уландыратын және ащы заттар;
  - жұмыс және/немесе ұзақ мерзімді сақтау орындарындағы машиналар, механизмдер мен құралдар;
  - пластикалық карталармен, тыйындармен, жетондармен қызмет көрсетілетін банкоматтар, автоматтар;
  - витриналар, витраждар, айналар, жарнамалық маңдайша жазулар мен әйнектен және соған ұқсас материалдардан жасалған қалқандар, терезе әйнектері;
  - тазартылған асыл металдар – бағалы металдар (кесектерде, ұнтақтарда, түйіршіктерде); тазартылмаған асыл металдар – кез келген түрдегі және күйдегі бағалы металдар: шикізатта, қоспаларда, жартылай фабрикаттарда, химиялық қоспаларда, бұйымдарда, сынықтарда және қалдықтарда;
  - зергерлік бұйымдар – зергерлік әшекейлер, үй-жайлардың интерьерін безендіру және бағалы металдардан жасалған, сапалы, бұрын пайдаланылмаған немесе бағалы металдарды қоспай шағын қалпына келтіруді (жылтырату, тегістеу) талап ететін, зауыт-өндірушінің тозбаған таңбалары бар үстелді орнату заттары; кез келген түрдегі және күйдегі бағалы металдар: шикізатта, қоспаларда, жартылай фабрикаттарда, өнеркәсіптік өнімдерде, химиялық қоспаларда, бұйымдарда, сынықтарда және қалдықтарда; зергерлік тастар – бағалы немесе жартылай бағалы тастар;
  - аңшылық атыс қаруы;
  - ғимараттар пен құрылымдардың сыртқы жағына бекітілген заттар (матчтар, антенналар,

ашық электр сымы, қорғаныс күнқағарлары немесе бастырмалар және т.б.).

### 3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.

3.1. Сақтандыру сомасы сақтандыру Шартымен белгіленеді.

3.2. Сақтандыру сомасы мүліктің нақты құнынан аспауы тиіс.

**Мүліктің нақты құны** – мәміле тараптары объект туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, әрекет ететін, ал мәміле бағасында қандай да бір төтенше жағдайлар көрсетілмейтін, бәсекелестік жағдайында мәміле негізінде сақтандыру объектісі иеліктен шығарылуы мүмкін ең ықтимал баға.

3.3. Мүлік сақтандыруға Сақтанушы мәлімдеген құнмен қабылданады. Сақтандыру сомасы шектерінде сақтандыру өтемі төлемдерінің ең жоғары сомалары – жауапкершілік лимиті белгіленуі мүмкін: құрылымдардың немесе пәтерлердің элементтері бойынша, жекелеген заттар (заттар жинағы) бойынша, залалды азайту немесе болдырмау мақсатындағы шығындар бойынша.

3.4. Мүліктің құны анықталады:

- *құрылымдар үшін*, оның ішінде аяқталмаған құрылым сатысындағы құрылыстар үшін оның тозуын және нақты күйін ескере отырып, осы жерде сақтандыруға қабылданатын құрылысқа ұқсас құрылыстың орташа нарықтық бағасының қалыптасқан деңгейі негізінде не жер учаскесінің құнын есепке алмағанда құрылысты сатып алу-сату шарты негізінде ;
- *көп пәтерлі үйлердегі пәтерлер (жеке бөлмелер) үшін* – осы өңірде сақтандыруға қабылданатын пәтерге (бөлмеге) ұқсас пәтер (бөлме) сатып алу бағасының қалыптасқан жағдаяты негізінде;
- *әрлеу үшін* – жұмыстар мен материалдардың сапасы бойынша ұқсас құнын қоса алғанда мәлімделген көлемнің жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына орташа нарықтық шығындарды негізге ала отырып;
- *инженерлік жабдықтар үшін* – тозуды ескере отырып, оны орнатуға кеткен шығындарды қоса отырып, ұқсас затты сатып салудың орташа нарықтық құнын негізге ала отырып;
- *антиквариат, өнер туындылары, топтамалар және т.б. үшін* – мемлекеттік мұражайларда жүргізілген бағалауға сәйкес;
- *зергерлік бұйымдар, бағалы және жартылай бағалы тастар, тазартылған және тазартылмаған бағалы металдар үшін* – сарапшының бағалауына сәйкес немесе осы түрдегі және сападағы бұйымдардың бағасына сәйкес;
- *ғимараттар мен құрылымдарды сақтандыру кезінде* – сақтандырылуға ұқсас ғимараттар мен құрылымдардың баланстық құнын негізге ала отырып, оның тозуы және пайдалану - техникалық жағдайы есебінде;
- *Сақтанушы сатып алған тауарлық-материалдық құндылықтарды (оның ішінде ишкізаттарды, жартылай фабрикаттарды) сақтандыру кезінде*, - оларды қайта сатып алу үшін қажетті шығындарды негізге ала отырып;
- *Сақтанушы жасаған тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтандыру кезінде*, - оларды қайта жасау үшін қажетті өндірістің шығындарын негізге ала отырып;
- *автомобиль көлігінен басқа шарттық қатынастар нәтижесінде алынған мүлікті сақтандыру кезінде* – осы Ережелерге сәйкес анықталатын Сақтанушының мүліктік жауапкершілігі мөлшерінде, бірақ мүлік құнынан жоғары емес;
- *Сақтанушыға тиесілі, сондай-ақ жалға алу (жалдау) шарты бойынша Сақтанушыға берілген үй-жайларды олардың бағасын көрсетпей әрлеуді сақтандыру кезінде*, - Сақтанушы немесе Жалға беруші үй-жайларды жөндеуге және/немесе әрлеуге жұмсалған шығындарды негізге ала отырып.

3.5. Сақтандыру сомалары әрбір сақтандырылатын объект бойынша немесе сақтандыру Шартында көрсетілген объектілер жиынтығы бойынша жеке белгіленеді.

3.6. Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен сақтандыру сомасының мөлшерін өзгерте алады.

Негізгі сақтандыру Шартына сақтандыру сомасын арттыру кезінде сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған бүтін айлардың санына қарай сақтандыру сыйақысын қосымша төлей отырып, қосымша келісім рәсімделеді.

Сақтанушының өтініші бойынша сақтандыру сомасын азайту осы сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемдері бұрын жүзеге асырылмаған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3.7. Сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру сомасы жүзеге асырылған төлемдер мөлшеріне азаяды.

3.8. Зардап шеккен мүлікті қалпына келтіру немесе ауыстыру кезінде сақтандыру сомасының

мөлшері оның бастапқы мәніне дейін артуы мүмкін.

- 3.9. Егер сақтандыру Шартында анықталған сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы кезінде болса:
- Сақтандырылған мүліктің нақты құнынан аз болса, онда мүлік құнының үлесінде сақтандыру (толық емес сақтандыру) қолданылады және сақтандыру жағдайы туындаған кездегі төлем осы Ережелердің 13.3- тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады;
  - мүліктің нақты құнынан жоғары болса, онда Сақтандырушы сақтандыру сомасын тиісті соманың мөлшерлеріне дейін біржақты тәртіппен азайтады.

3.10. Сақтандыру Шартын құру кезінде бір сақтандыру жағдайына Сақтандырушының жауапкершілік лимиті (жүзеге асырылатын ең жоғары сақтандыру төлемі) белгілеуі мүмкін.

3.11. Сақтандыру Шартында әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шартсыз немесе шартты франшиза көзделеді. Франшизаның түрі мен мөлшері сақтандыру Шартында белгіленеді.

**Франшиза** — Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын сақтандыру төлемінен босатуды көздейтін сақтандыру Шартының талабы. Франшиза сақтандыру сомасының (залал сомасының) пайызымен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.

**Шартты франшиза кезінде** Сақтандырушы франшиза сомасынан аспайтын сақтандыру төлемінен босатылады және, егер оның сомасы франшизадан көп болса, залалды толығымен жабуы тиіс.

**Шартсыз франшиза кезінде** сақтандыру төлемі франшиза сомасын шегергенде есептеледі.

#### 4. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫЛАРЫ.

- 4.1. Сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру Шартымен анықталады және сақтандыру сомасына, сақтандыру мерзіміне және сақтандыру тарифіне байланысты болады.
- 4.2. Сақтандыру тарифінің мөлшерлемесі актуарлық есеп айырысулармен анықталады және сақтандырылатын мүліктің сипаттамаларына, сақтандыру тәуекелдеріне, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға байланысты болады.
- 4.3. Сақтандыру тарифтерін өзгерту тәуекел дәрежесін өзгертетін мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ бұрын Сақтанушының мүліктерін сақтандыру нәтижелерінен (төлемдердің болуы, болмауы) жүргізілуі мүмкін.
- 4.4. Сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру Шартында анықталады.
- 4.5. Сақтандыру сыйақысы, оның ішінде бөліп төлеуге жататын төлем уақтылы төленбеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы.
- 4.7. Егер сақтандыру жағдайы төлем мерзімі келмеген сақтандыру сыйақысының кезекті жарнасы төленгенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде сақтандыру сыйақысының қалған сомасын есепке алуға құқылы.
- 4.8. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте бір уақытта төленуге жататын сақтандыру сыйақысы толық енгізілмесе, сақтандыру төлемі сақтандыру сыйақысы толық көлемде төленгенге тура пропорционалды мөлшерде азайтылуға жатады. Кейіннен сақтандыру сыйақысының қалған бөлігін төлегеннен кейін қорғау сақтандыру сомасының тиісті бөлігіне толықтырылады.
- 4.9. Қысқа мерзімді сақтандыру Шарты – Сақтанушы 1 жылдан кем мерзімге құрылатын сақтандыру Шарты.

Қысқа мерзімді сақтандыру Шарттары бойынша сақтандыру сыйақысын (СС қм) есептеу тәртібі мына формула бойынша анықталады (1):

$$СС \text{ қм.} = СС \text{ жыл} \times К, \quad (1)$$

мұндағы: **СС жыл** – бір жылға есептелген сақтандыру сыйақысы;

**К** – сақтандыру Шартының қолданылу мерзімін толық айларда ескеретін коэффициент (бұл ретте толық емес күнтізбелік ай толық ретінде қабылданады);

**К – 1 Кесте** бойынша анықталады.

- 4.10. Бір жыл мерзімге құрылған сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерін өзгерте алады.
- 4.11. Сақтандыру сомасы негізгі сақтандыру Шартына ұлғайған кезде сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған тұтас айлардың негізінде есептелген сақтандыру сыйақысын қосымша төлей отырып, қосымша келісім рәсімделеді. Қосымша сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысының есебі (СС қос.) мына формула бойынша жүргізіледі:

$CC_{\text{қос.}} = (CC2 \times K2) - (CC1 - (CC1 \times K1))$

**мұндағы:**

**CC1** – сақтандыру Шарты бойынша бастапқы сақтандыру сыйақысы;

**CC2** – сақтандыру сомасының ұлғаюына сәйкес есептелген сақтандыру сыйақысы;

**K1** – сақтандыру Шартын бұзу сәтінде оның толық айларда қолданысының өткен мерзімін ескеретін коэффициент;

**K2** – сақтандыру сомасы ұлғайған сәттен бастап сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі аяқталған сәтке дейінгі мерзімді ескеретін коэффициент ;

**K, K1, K2 – 1 Кесте** бойынша анықталады.

**№ 1 кесте**

Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі айлармен	1 айға дейін	1 айдан 2 айға дейін	2 айдан 3 айға дейін	3 айдан 4 айға дейін	4 айдан 5 айға дейін	5 айдан 6 айға дейін	6 айдан 7 айға дейін	7 айдан 8 айға дейін	8 айдан 9 айға дейін	9 айдан 10 айға дейін	10 айдан 11 айға дейін	11 айдан жоғары
K, K1, K2	0,20	0,35	0,50	0,60	0,65	0,70	0,75	0,80	0,85	0,90	0,95	1,00

## 5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ.

5.1. Осы Ережелерге сәйкес мүлік осы бапта көзделген тәуекелдерден сақтандырылуы мүмкін, атап айтқанда:

### 5.1.1. *Өрт, электр желісінің апаты).*

- **Өрт** – оттың кенеттен және күтпеген әсерінен мүліктің жойылуы немесе бүлінуі, оны өсіру және ұстап тұру үшін арнайы тағайындалған орындардан тыс жерде өздігінен таралуға қабілетті, сондай-ақ оттың одан әрі таралуын болдырмау мақсатында қолданылатын өрт сөндіру шараларынан келтірілген залал.
- **Электр желісінің апаты** – элект тоғының күтпеген әсерінен (қысқа тұйықталу), электр желісіндегі тоқ немесе кернеу күшінің күрт артуы, ықпалдандырылған тоқтардың әсерінен сақтандырылған мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі.

### 5.1.2. *СУ БАСУ (жылыту, кәріз, су құбыры, өртке қарсы жүйелердің апаты, көрші үй-жайлардан су кіру).*

«Су басу» тәуекелдерінің тобы деп судың және/немесе басқа да сұйықтықтардың кенеттен және күтпеген салдарлары нәтижесінде мүліктің жойылуы немесе бүлінуі ықтималдығы түсініледі.

### 5.1.3. *ЗАҚЫМДАНУ.*

«Зақымдану» тәуекелдерінің тобы деп күтпеген физикалық күштердің кенеттен механикалық әсері нәтижесінде мүліктің жойылуы немесе бүлінуі ықтималдығы түсініледі.

### 5.1.4. *ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТАБИҒИ АПАТТАР.*

«Табиғи апаттар» тәуекелдерінің тобына су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі, цунами, топырақтың шөгуі, боран, нөсер, бұршақ, көшкін, құлау, сел, жер асты суларының әрекеті, тайфун, торнада, құйын – аталған табиғи құбылыстардың еңсерілмейтін жойқын күшінің әсері нәтижесінде сақтандырылған мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі жатады.

### 5.1.5. *ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕРІ.*

«Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері» тәуекелдерінің тобы деп бұзақылық, ұрлық, тонау немесе қарақшылық нәтижесінде мүліктің жойылуы немесе бүлінуі ықтималдығы түсініледі.

- **Бұзақылық** — қоғамдық тәртіпті қатаң бұзатын қасақана әрекеттер салдарынан сақтандыру аумағында сақтандырылған мүлікті бүлдіру немесе жою.
- **Ұрлық** — сақтандыру аумағында болған сақтандырылған мүлікті жасырын ұрлау, ол жерге қайқы кілтті, жалған кілттерді немесе өзге де техникалық құралдарды (саймандарды) пайдалана отырып кіру нәтижесінде және жоғарыда көрсетілген құралдарды шығу кезінде, сондай-ақ көлік құралының құрылымдық элементтерін бұза отырып, одан әрі пайдалану.
- **Тонау, қарақшылық** — Сақтанушыға, оның қызметкерлеріне олардың қарсылықтарын басу мақсатында күш қолданумен, сондай-ақ сақтандыру аумағының шегінде мұндай күш қолдану қатерімен сақтандырылған мүлікті ашық ұрлау.
- **Әйнек сындыру** (витрина, терезе, шыны есіктер) – витриналарды, терезелерді, шыны есіктерді оларды уақытша емес, тұрақты түрде орнатқан, оларды бекіту орындарына орнатылған қасақана немесе кездейсоқ жою немесе бүлдіру.

## 6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.

6.1. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыруға жатпайды:

- 6.1.1. апаттық жағдайдағы тұрғын үй және құрылымдар, конструктивтік элементтер мен жүйелер, сондай-ақ оларда болған мүлік;
- 6.1.2. Сақтанушыға тиесілі емес мүлік;
- 6.1.3. көлік құралдары және көлік құралдарының қосымша жабдығы;
- 6.1.4. көлік құралдарында болған мүлік;
- 6.1.5. үй жануарлары мен құстары, аралар тұқымдастары;
- 6.1.6. жеміс ағаштары, бұталар және басқа да өсімдіктер, тұқымдар, дақылдар мен екпелер.

6.1.1 – 6.1.4 - тармақшаларын қоспағанда осы тармақта көрсетілген мүлік ерекше жағдайларда Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандырылуы мүмкін.

6.2. Сақтандыру қорғанысымен залал жабылмайды:

- егер өрт сақтандыру аумағынан тыс жерде болса, жану өнімдерімен келтірілген залал;
- өңдеу, жөндеу процестері үшін немесе басқа да мақсаттар үшін қажетті пайдалы (жұмыс істетіін) оттың немесе жылудың әсері нәтижесінде келтірілген залал;
- ашу, шіру немесе мүліктің табиғи қасиеттері салдарынан келетін басқа да экзотермиялық реакциялар кезінде жылудың баяу бөлінуінен туындаған залал;
- сақтандырылмаған өндірістік жабдықтардың, тұрмыстық электр аспаптарының, электрондық аппаратураның және кеңсе техникаларының өртену салдарынан келтірілген залал;
- жану камераларында туындайтын жарылыстар кезінде іштен жанатын қозғалтқыштары бар механизмдерге келтірілген залал;
- мүліктің табиғи қасиеттері салдарынан өздігінен жанудан болған залал;
- сақтандыру жағдайы кезінде немесе одан кейін мүлікті ұрлаудан болған залал;
- найзағай соғу нәтижесінде электр желісіндегі кернеу мен тоқ күшінің артуы салдарынан сақтандырылған электр жабдықтарына келтірілген залал;
- тұрмыстық және электр аспаптарын пайдалануға арналған орындардан тыс пайдалануға байланысты туындаған залал;
- сақтандыру Шартын құру кезінде болған, Сақтанушыға белгілі болуы тиіс электрондық жабдықтың ақауларының нәтижесі болып табылатын залал;
- компьютерлік деректер базасының жоғалуынан, сондай-ақ олардың жоғалуынан (бүлінуінен) туындаған шығындардан болған залал;
- жабылмаған терезелер, есіктер, сондай-ақ қасақана жасалған немесе ескіру немесе құрылыс ақаулары салдарынан (оның ішінде төбенің ағуы нәтижесінде) туындаған тесіктер арқылы сақтандырумен қорғалатын үй-жайға сұйықтықтардың (оның ішінде жаңбырдың, қардың, бұршақтың және балшықтың) енуі нәтижесінде келтірілген залал;
- осы объектінің ескіруі (тозуы) және/немесе өндірістік (құрылыстық) ақаулардың салдарынан оның жартылай бұзылуынан немесе бүлінуінен туындаған сақтандыру объектісінің конструктивті элементтерінің және сынықтарының (бөліктерінің) құлауынан туындаған залал;
- жарылыс жұмыстарын жүргізу, шұңқырлардан немесе карьерлерден топырақ алу, бос жерлерді толтыру немесе жер үйінділері жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар кен орындарын, құрылыс тоннельдерін, жер асты көлік магистральдарын өндіру немесе игеру және т.б. жүргізуден туындаған залал;
- Сақтанушы, сақтандырылған мүлікті пайдаланушы немесе олардың қызметкерлері басқаратын көлік құралдарының соқтығысуынан туындаған залал;
- сақтандыру жағдайы ретінде көзделмейтін үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінен туындаған залал;
- егер жер сілкінісінен сақтандыру кезінде Сақтанушы объектілерді жобалау, салу және пайдалану кезінде осы объектілер орналасқан жердің сейсмологиялық жағдайлары ескерілгенін құжаттамалық түрде дәлелдемесе, сақтандырылған мүлікке келтірілген залал;
- үй-жайдың, ғимараттың ішіндегі ылғалдықтың (зең, саңырауқұлақша) салдарынан туындаған залал;

- жертөлелерде немесе өзге де түпкір үй-жайларда сақталатын мүлікті су басу салдарынан туындаған залал;
- сақтандыру жағдайы ретінде көзделмеген үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері нәтижесінде резервуарларға, сұйықтық тасымалдаушы жүйелерге және сантехникалық жабдықтарға келтірілген залал;
- температураның өзгеруінен сұйықтықтардың кеңеюі салдарынан келтірілген залал;
- сақтандырылған ғимаратты (үй-жайды) жөндеуден немесе қайта құрудан, монтаждаудан, бөлшектеуден болған залал;
- егер бұл тәуекел қосымша сақтандырылмаған болса, өртеуден туындаған оттың әсерінен туындаған залал;
- егер бұл тәуекел қосымша сақтандырылмаған болса, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері нәтижесінде бүлінген резервуарлардан, сұйықтық тасымалдаушы жүйелерден және сантехникалық арматурадан тараған судың және/немесе басқа да сұйықтықтардың нәтижесінен туындаған залал;
- егер жарылыс жарылғыш құрылғылардың және/немесе ату жарақтарының қасақана жарылуынан болмаса, жарылыстың нәтижесінен туындаған залал;
- шыныларды және/немесе есіктерді тұрақты бекітілетін орындардан алып тастау және бөлшектеу, сондай-ақ сақтандырылған шыныларды қараңғылау, пластикалық терезелерді жөндеу жөніндегі жұмыстардың салдары болып табылатын залал;
- сақтандыру шарттарында көзделген өзге де жағдайлардан болған залал.

Сақтанушының қалауы бойынша мүлік туындау себептеріне қарай нақтыланған кезінде осы тармақта тізбектелген тәуекелдердің барлық топтарынан да, жекелеген топтарынан (түрлерінен) да қосымша сақтандырылуы мүмкін.

6.3. Келесілердің салдары болып табылатын залал барлық жағдайларда өтеуге жатпайды:

- азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша кез келген әскери іс-қимылдар мен олардың зардаптары, террористтік актілер, азаматтық толқулар, ереуілдер, локауттар, тәркілеу, реквизициялау, жұмысты тоқтату, тәркілеу, мүлікті жою немесе бүлдіру, мәжбүрлеп ұлттандыру, төтенше немесе ерекше жағдайды, көтерілістер, бүліктер, мемлекеттік төңкеріс, қастандық, көтеріліс, революция;
- сақтандыру Шартын құру және табиғи апаттардың аймағын жариялау сәтіне дейін оларды жариялаған кездегі табиғи апаттар;
- ядролық энергияның кез келген түрдегі әсері;
- Сақтанушының немесе оның толыққанды өкілдерінің (иелерінің) қасақана әрекеттері немесе өрескел абайсыздығы;
- Сақтанушының сақтандырылған объектіні сақтау, пайдалану және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтамауы, сондай-ақ осы объектіні ол үшін арналғаннан өзге де мақсаттар үшін пайдалану;
- мүлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын, қауіпсіздік техникасының, электр қауіпсіздігінің және өртке қарсы қауіпсіздіктің ережелерін, жанғыш немесе жарылғыш заттарды сақтау ережелерін немесе сақтандырылған мүліктің жекелеген түрлеріне қатысты, оның ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) немесе өзге де уәкілетті тұлғалардың тиісті уәкілетті органдардың келісімінсіз жылу, сантехникалық, газ, электр техникалық жабдықтарын өздігінен орнату немесе жөндеу кезінде, сондай-ақ Сақтанушының (Пайда алушының) немесе өзге де уәкілетті тұлғалардың тиісті уәкілетті органдардың келісімінсіз өздігінен қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүргізу кезінде белгіленген басқа да ережелерді бұзуға байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) немесе оның отбасы мүшелерінің әрекеттері (әрекетсіздіктері);
- алкогольдік, уытты немесе есірткілік мас күйіндегі Сақтанушының, оның отбасы мүшелерінің, қызметкерлердің әрекеттері (әрекетсіздіктері);
- сақтандыру Шартын құру сәтінде Сақтанушыға белгілі болған ақаулар;
- Сақтанушының немесе оның толыққанды өкілдерінің қасақана әрекеттері (әрекетсіздіктері) немесе өрескел абайсыздығы;
- мүлікті ол үшін арналғаннан өзге де мақсаттар үшін пайдалану;
- сақтандыру шарттарында көзделген өзге де жағдайлар.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРЫНЫ.**

- 7.1. Сақтандыру Шарты кез келген мерзімге құрылыуы мүмкін.
- 7.2. Сақтандыру Шарты тараптардың келісiмiнде белгiлеген күннен бастап күшiне енедi және тараптар үшiн мiндеттi болады.
- 7.3 Мүлiк сақтандыру Шартында көрсетiлген аумақта сақтандырылған болып есептеледi. Егер сақтандырылған мүлiк осы аумақтан алынып тасталса, сақтандыру қорғанысы тоқтатылады.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ.**

- 8.1. Сақтандыру Шартын құру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру Шартын құру ниеті туралы белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынады.
- 8.2. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушының қолымен куәландырылатын мүліктің құны көрсетілген анықтама немесе тізімдеме рәсімделеді. Қажет болған жағдайда объектінің жазбаша сипаттамасы рәсімделеді.
- 8.3. Сақтанушы оларға сақтандыру Шартында және анықтамада (тізімдемеде) ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады.
- 8.5. Сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру Шартының телнұсқасын береді. Телнұсқа берілгеннен кейін жоғалған сақтандыру Шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.**

### **9.1. Сақтанушы құқылы:**

- сақтандыру Ережелерімен және шарттарымен танысуға;
- сақтандыру Шартында көрсетілген талаптарды ескере отырып, сақтандыру сомасы шектерінде нақты залалдың мөлшерінде сақтандыру төлемін алуға. Залал мөлшерін анықтау және залалдың сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі осы Ереженің 12-бөлімінде айтылған;
- үшінші тұлғалардың пайдасына сақтандыру Шартын құруға;
- сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуге;
- осы Ережелердің 15-бөліміне сәйкес сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- Сақтандырушы ұйымдастырған бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда өз есебінен тәуелсіз бағалау жүргізуге.

### **9.2. Сақтанушы міндетті:**

- Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушы өзіне жауапкершілікті қабылдау үшін маңызды мән-жайларды сипаттайтын Сақтандырушыға одан талап етілетін барлық ақпараттарды хабарлауға. Сақтандырушының сақтандыру Шартын құру туралы шешіміне не оның мазмұнына әсер етуі мүмкін тәуекелдің мән-жайлары маңызды болып табылады;
- Сақтандырушыға сақтандыру объектісіне қатысты құрылған немесе құрылатын барлық сақтандыру Шарттары туралы хабарлауға;
- сақтандыру сыйақысын сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- залалдың туындауын болдыртпау және тәуекел дәрежесін арттыру үшін барлық сақтық шараларын қолдануға;
- сақтандырылған объектіні сақтау, пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтауға, сондай-ақ осы объектіні тек мақсатына сай пайдалануға;
- егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің өзгеруіне әсер етсе, сақтандырылған мүлікке қатысты мән-жайлардың өзгерістері туралы жазбаша нысанда 3 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға хабарлауға;
- Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлауға;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелердің 10-бабының талаптарына сәйкес әрекет етуге;
- осы Ережелердің 17-бөліміне сәйкес залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандырушыға ауысады;
- егер Сақтанушыға ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін ұрланған мүлік қайтарылса не залалды оның келтірілуіне жауапты тұлға өтесе,



сақтандырылған мүлікті жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығындарды шегергенде Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін қайтаруға;

- егер заңнамада көзделген талап қою мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе осы Ережелер бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемі құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жай анықталса, Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін толық көлемде қайтаруға;
- сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайтуға шаралар қолдануға.

### **9.3. Залал туындаған кезде Сақтанушы міндетті:**

- сақтандырылған мүлікке келтірілген залалды азайту және құтқару үшін барлық ықтимал, оның ішінде Сақтандырушы ұсынған шараларды қабылдауға;
- залал анықталған сәттен бастап құзыретті органдарға дереу хабарлауға (полиция, өрттен қорғау қызметтері, ПМ, ТЖ органдары);
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болған 72 сағат ішінде (демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда) ол туралы Сақтандырушыға оның орнын, уақытын және барлық мән-жайларын көрсете отырып, кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен 24 сағат ішінде жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
- сақтандыру жағдайының басталуын дәлелдеу ауыртпалығын көтеру және бүлінген мүлікке өз есебінен сараптама жүргізуге;
- егер соңғысы табылса, үш күндік мерзімде Сақтандырушыға жоғалған сақтандырылған мүліктің орналасқан жерін хабарлауға;
- залалдың туындау мән-жайларын көрсете отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен залалдың дерегін, себептері мен мөлшерін растайтын барлық құжаттарды беруге;
- Сақтандырушыға бүлінген мүлікті тексеруге немесе зерттеуге, залалдың себептері мен мөлшерін зерттеуге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару шараларына қатысуға мүмкіндік беруге;
- Сақтандырушының талабы бойынша оған сақтандырылған мүліктің бүлінуінің немесе жойылуының мөлшері мен себептері туралы пайымдау үшін қажетті барлық ақпаратты жазбаша түрде хабарлауға;
- Сақтандырушыға бүлінген, жойылған немесе жоғалған мүліктің тізімдемесін беруге. Бұл тізімдемелер Сақтандырушымен келісілген мерзімде, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Тізімдемелер сақтандыру жағдайы басталған күнге бүлінген заттардың құнын көрсете отырып, құрылады. Тізімдемені құру бойынша шығындарды Сақтанушы өтейді;
- бүлінген мүлікті сақтандыру жағдайынан кейін болған күйінде сақтауға. Шығын үлгісін өзгерту қауіпсіздік мәселелерімен және/немесе залалдың мөлшерін азайту ниетімен туындаған жағдайда ғана мүмкін болады;
- Сақтандырушыға барлық құжаттарды ұсынуға және Сақтандырушының кінәлі тұлғаларға талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін барлық шараларды қолдануға;
- сақтандыру оқиғасының басталуына жауапты тұлғаның кінәсін анықтау үшін қажетті барлық шаралар мен әрекеттерді қабылдауға (болған оқиғаларды зерттеу үшін құзыретті мемлекеттік органдарды тартуға, кінәлі тұлғаларды іздестіруге және тануға қатысуға, сот отырыстарына қатысуға, туындаған оқиғалардың мән-жайларын зерттеу барысы туралы мәліметтер алу үшін қажетті сұрау салулар беруге және т.б.);
- сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге.

Сақтандыру сыйақысын төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда сақтандыру Шартынан және осы Ережелердің 9.2., 9.3-тармақтарынан туындайтын Сақтанушының міндеттері Пайда алушыға да тең дәрежеде қолданылады.

Пайда алушының бұл міндеттерді орындамауы оларды Сақтанушының орындамауы сияқты салдарларға әкеп соғады.

### **9.4. Сақтандырушы құқылы:**

- Сақтанушы ұсынған ақпаратты және сақтандыру объектісінің сипаттамаға сәйкестігін,

- сондай-ақ оның сақтандыру Шартының талаптарын орындауын тексеруге;
- мүліктің нақты құнын белгілеу мақсатында оған сараптама тағайындауға;
  - сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде мерзімі өткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға;
  - сақтандырылған объектінің жағдайын, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру шарттары туралы оған хабарлаған мәліметтердің осы шарттар өзгерген-өзгермегеніне қарамастан, нақты мән-жайларға сәйкестігін тексеруге;
  - Сақтанушыдан сақтандыру сыйақысы уақтылы төленбеген, оның ішінде бөліп төлеуге жататын жағдайда тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға;
  - сақтандырылған мүлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға, сондай-ақ Сақтанушы үшін міндетті болып табылатын залалды азайту бойынша жазбаша ұсыныстар беруге. Алайда бұл әрекеттерді Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін мойындау ретінде қарастыруға болады;
  - Сақтанушыдан тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу дерегін және оларға келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге және сұратуға;
  - сақтандыру жағдайының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін бүлінген (жойылған) мүлікке тексеру мен бағалау жүргізуге;
  - сақтандыру жағдайының дерегі мен мән-жайларын өздігінен анықтауға;
  - Сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпей, бүлінген мүлікке тексеріс жүргізуге. Сақтанушы бұл жағдайда Сақтандырушыға кедергі жасауға құқығы жоқ;
  - Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін анықтау және коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтерді қоса алғанда, залалдың мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
  - қажет болған жағдайда құзыретті органдарға сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуларды жіберуге;
  - ұрланған сақтандырылған мүлік табылған жағдайда барлық сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде өз меншігіне қайтарылған мүлікті алуға;
  - сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген залалдың мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
  - залал келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;
  - құзыретті органдардың құжаттары негізінде барлық мән-жайларды анықталғанға дейін сақтандыру төлемінің мерзімін ұзартуға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген негіздер бойынша оны толық немесе жартылай жүзеге асырудан бас тартуға;
  - Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе осы Ережелер бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны оны алу құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жайлар анықталған жағдайда бұрын төленген сақтандыру төлемін қайтаруды талап етуге;
  - сақтандыру шарттарында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе жартылай бас тартуға.

#### **9.5. Сақтандырушы міндетті:**

- Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) сақтандыру шарттарымен таныстыруға және оның талабы бойынша осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- Сақтанушыға сақтандыру шарттарының өзгергені туралы хабарламаны алған кезде Сақтанушыға бұл туралы хабарлай отырып, бес күндік мерзімде сақтандыру Шартына өзгерістер енгізуге немесе бұзуға;
- оқиғаны сақтандыру деп таныған кезде осы Ережелердің 11-бөлімінде аталған барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін

- жұмсаған шығындарды өтеуге;
- сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан кезде бұл туралы Сақтанушыға осы Ережелерде белгіленген мерзімде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жазбаша нысанда хабарлауға.

## **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.**

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- болған мән-жайларда сақтандырылған мүлікті құтқару және жәбірленушілерге көмек көрсету үшін ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға;
- сақтандыру жағдайы туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (ішкі істер органдарының полиция бөлімшелері, өртке қарсы қызмет органдары, апаттық қызметтер, құтқару қызметтері, кеден қызметтері және ТЖ қызметтері) дереу хабарлауға;
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап Сақтандырушыға 72 (жетпіс екі) сағат ішінде (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) орнын, уақытын және оның барлық мән-жайларын көрсете отырып, кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға. Жазбаша нысандағы хабарлама келесі 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушының дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындайтын мүмкіндігі болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
- Сақтандырушының өкілдері немесе сарапшы оны сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тап болған түрінде тексергенге дейін бүлінген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залал мөлшерлеріне әсер етпесе);
- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы мен салдарлары туралы, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерлері туралы жорамалдауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты (қажет болған жағдайда – жазбаша нысанда) және құжаттаманы ұсынуға;
- Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының туындау себептеріне және өзге де мән-жайларына дербес тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаның кінәсін анықтау үшін қажетті барлық шаралар мен әрекеттерді қабылдауға (болған оқиғаны зерттеу үшін құзыретті мемлекеттік органдарды тарту, кінәлі тұлғаларды іздестіруге және тануға қатысу, сот отырыстарына қатысу, болған оқиғаның мән-жайларын зерттеу барысы туралы мәліметтерді алуға қажетті сұрау салулар беру және т.б.).

## **11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ.**

- 11.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті:
- сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
  - сақтандыру шарты (оның телнұсқасы);
  - болған оқиғаға тікелей қатысы бар органдар берген және сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын құжаттар (анықтамалар, актілер, қаулылар, хаттамалар және т.б.);
  - келтірілген залалдың мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін құжаттар (бухгалтерлік анықтамалар, тәуелсіз бағалау актілері және т.б.);
  - сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы, Пайда алушы шеккен шығындарды растайтын құжаттар – олар болған кезде;
  - Пайда алушының (жеке тұлға үшін) жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы.
- 11.3. Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталуының қосымша дәлелдерін ұсынуға құқылы.

## **12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.**

12.1. Залал мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші және сақтандыру жағдайы

басталған сәтте бүлінген мүлікке жүргізілген сараптама негізінде анықтайды. Сараптама Сақтанушының есебінен жүргізіледі.

#### 12.2. Залал анықталады:

Мүлік ұрланған кезде – оның нақты құнының мөлшерінде;

Мүлік жойылған кезде – одан әрі пайдалануға жарамды қолда бар қалдықтардың құнын шегергендегі оның нақты құнының мөлшерінде;

Мүлік бүлінген кезде – оны қалпына келтіруге кеткен шығындардың мөлшерінде.

Қалпына келтіруге кеткен шығындар төмендегілерді қамтиды:

- бүлінген мүлікті қалпына келтіру үшін қажетті материалдар мен қосалқы бөлшектерге арналған шығындар қалпына келтіру (жөндеу) барысында ауыстырылатын материалдар мен қосалқы бөлшектердің тозу есебімен анықталады;
- оны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды төлеуге кеткен шығындар.

Қалпына келтіру шығындары сақтандырылған объектіні өзгертуге және/немесе жақсартуға, уақытша (қосалқы) жөндеуге немесе қалпына келтіруге, жабдықты іріктеу, оны профилактикалық жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі шығындарды, сондай-ақ сақтандыру жағдайына қарамастан жүргізілген өзге де шығындарды қамтиды.

#### 12.3. Сақтандыру төлемі бұрын жүргізілген төлемдер есебімен сақтандыру сомасы шектерінде жүзеге асырылады.

Егер сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандырылған объектінің нақты құнынан төмен (аз) болса, онда сақтандыру төлемі мына формула бойынша анықталады:

$$CBY \times \frac{C}{CI} - F, \quad (3)$$

мұндағы

**Y**- сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандырылған мүліктің құнына сүйене отырып, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын залалдың мөлшері;

**C**- сақтандыру сомасы;

**CI**- сақтандыру Шартын құру кезіндегі мүліктің нақты құны;

**F**- франшиза (болған жағдайда).

Егер сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы басталған сәтте нақты құннан асатын (артық) болса, онда сақтандыру Шартын құрылған күнгі нақты құннан асатын бөлігінде сақтандыру жарамсыз болып танылады. Сақтандыру сомасының нақты құнға сәйкес келмеуі дерегін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде анықтауы мүмкін.

12.4. Егер сақтандыру Шартына сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру сомасы мөлшерінің бір бөлігіне өзгерістер енгізілсе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін соңғы өзгерістер есебімен жүзеге асырады.

12.5. Егер Сақтанушы жөндеуді қажет ететін мүлікті пайдалануды жалғастыра берсе, Сақтандырушы мұндай пайдаланудан залал келтірілмеген дәрежеде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

12.6. Сақтанушы Сақтандырушының келісімінсіз сақтандыру жағдайынан кейін қалған, кем дегенде бүлінген мүліктен бас тартуға құқығы жоқ. Мұндай мүліктің қалдық құны залал сомасынан шегеруге жатады.

### **13. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ.**

13.1. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

### **14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.**

14.1. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының дерегі анықталғаннан, осы деректі растағаннан

және Сақтандырушы осы Ережелердің 11-бөлімінде көрсетілген барлық қажетті және алынған құжаттар негізінде жүргізілген сақтандыру төлемінің мөлшерлерін анықтағаннан кейін он бес банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

14.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға құқылы:

- Сақтанушының сақтандыру төлемін алуға жарамдылығына негізделген күмәні бар. Сақтандыру төлемі қажетті дәлелдемелер ұсынылғанға дейін жүзеге асырылмайды;
- тиісті ішкі істер органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қарсы қылмыстық іс қозғады және залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларға зерттеу жүргізеді. Сақтандыру төлемі кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы берілген сәтке дейін жүзеге асырылмайды;
- егер Сақтанушыға ұрланған сақтандырылған мүлік қайтарылса, онда ол қайтарылған мүлікті жөндеуге немесе ретке келтіруге жұмсалған шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін қайтарудан бас тартқан жағдайда бұл мүлікке барлық құқықтар Сақтандырушыға өтеді.

14.3. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, ал сақтандыру Шартының қолданылуы тоқтатылуы мүмкін, егер Сақтанушы (оның қандай да бір толыққанды өкілдері және/немесе иелері):

- залалдың туындауын болдырмауға және тәуекел дәрежесін төмендетуге бағытталған Сақтандырушымен келісілген шараларды қабылдаса;
- залалдың туындауына әкеп соғатын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) қасақана немесе өрескел абайсыздықтан жасаса немесе оған жол берсе;
- сақтандырылған объектіні сақтау, пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтамаса, сондай-ақ бұл объектіні ол үшін арналғаннан басқа мақсаттарда пайдаланса;
- Сақтандырушы сұратқан сақтандыру объектісі мен шарттары туралы қате (көрінеу жалған не толық емес) ақпаратты Сақтандырушыға хабарламаса және/немесе ұсынбаса;
- Сақтандырушыға сақтандырылған мүлікке қатысты тәуекел дәрежесінің өзгергені туралы хабарламаса;
- осы сақтандыру ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жағдайы туралы хабарламаса не уақтылы хабарламаса;
- залалды болдырмау немесе азайту бойынша шараларды қабылдаса;
- Сақтандырушыға залалдың себебі мен мөлшерін анықтау мүмкін болмау нәтижесінде залалдың туындауы туралы хабарламаса;
- Сақтандырушыға немесе оның өкілдеріне залалдың туындау мән-жайларын, сипаты мен мөлшерін анықтауға кедергі келтірсе;
- залалдың себептерін және/немесе мөлшерін анықтау кезінде Сақтандырушыны немесе оның өкілдерін қасақана жаңылыстырса;
- оның келтірілуіне кінәлі тұлғадан залалдың өтемін толық алса;
- кінәлі тұлғаларға талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықтардың жүзеге асуы олардың кінәсінен мүмкін болмаса. Егер сақтандыру төлемі жүргізілген болса, Сақтанушы Сақтандырушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға міндетті.

14.4. Сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы 15 жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған бкүннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға немесе Пайда алушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жазбаша нысанда жібереді.

## **15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ.**

15.1. Сақтандыру Шартының қолданылуы тоқтатылады:

- сақтандыру Шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде белгіленген күні сағат 24.00-де;
- сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда;
- тараптардың келісімімен сақтандыру сыйақысын төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалған күні ретінде анықталған күннің 24.00 сағатында кезекті сақтандыру жарнасын

келісілген мерзімде төлемеген жағдайда.

15.2. Сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін бастамашы Тарап басқа Тарапты келесі жағдайлар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті:

- сақтандыру объектісі тоқтаған кезде;
- егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, ал сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
- сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылса және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
- Сақтандырушыны ерікті түрде тарату.

Көрсетілген жағдайларда сақтандыру Шарты сақтандыру Шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап басқа тарапқа дереу хабарлауы тиіс.

Бұл жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақыт кезеңіне сәйкес сақтандыру сыйақысының бір бөлігін алуға құқығы бар. Бұл ретте толық емес күнтізбелік ай толық деп қабылданады.

15.3. Сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтару осы сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемі Сақтанушыға бұрын жүзеге асырылмаған жағдайда жүргізілуі мүмкін, сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтару бойынша есеп айырысу мына формула (3) бойынша жүргізіледі:

**СС қайт. = СС төлен. - (СС төлен. х К) (4)**

**мұндағы:**

**СС қайт.** – қайтарылатын сақтандыру сыйақысының бөлігі;

**СС төлен.** – төленген сақтандыру сыйақысы;

**К** – сақтандыру Шартының қолданылу мерзімін Шартты бұзу сәтіне толық айларда есепке алатын коэффициент (бұл ретте толық емес күнтізбелік ай толық ретінде қабылданады);

**К** – осы Ережелердің 4.11-тармағына сәйкес 1 Кесте бойынша анықталады.

15.4. Осы бөлімнің 15.2-тармағында көрсетілгеннен өзгеше жағдайларда сақтандыру сыйақысын қайтару туралы мәселені қарау Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15.5. Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы оған сақтандыру сыйақысы сомасының 30%-ын құрайтын жұмсалған шығындарды шегергенде, сондай-ақ сақтандыру Шарты бойынша осы сақтандыру объектісіне қатысты жүргізілген сақтандыру төлемдерін шегергенде сақтандыру Шартының қолданылуының мерзімі өтпеген кезең үшін өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтарады. Егер Сақтанушының талаптары Сақтандырушының сақтандыру Шартының талаптарын орындамауына/тиісінше орындамауына негізделсе, онда Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын толығымен қайтарады.

15.6. Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 30% мөлшерде жұмсалған шығындарды шегергенде, сондай-ақ сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру объектісіне қатысты жүргізілген сақтандыру төлемдерін шегергенде сақтандыру Шартының қолданылуының мерзімі өтпеген кезең үшін өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтарады. Егер Сақтандырушының талаптары Сақтанушының сақтандыру Шартының талаптарын орындамауына/тиісінше орындамауына негізделсе, онда Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтармайды.

## **16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ.**

16.1. Сақтандыру Шартын құрған күннен бастап жарамсыз деп саналады, егер:

- құру кезінде сақтандыру объектісі болмаса;
- Сақтанушының сақтандырылған мүлікті сақтауға қызығушылығы болмаса;
- заңды күшіне енген соттың тиісті шешімі негізінде тәркіленуге жататын мүлік не қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстың нысаны болып табылатын мүлік сақтандыру объектісі болып табылады;
- сақтандыру жағдайы ретінде оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілерінен айырылған және бұл туралы Сақтанушы білген сақтандыру Шартының қолданылу шектерінде

сөзсіз және объективті түрде орын алуы тиіс оқиға көзделсе, ;

- Сақтанушы сақтандыру Шартын құру кезінде заңсыз пайда табу, оның ішінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтандыру Шартын құру мақсатын әдейі көздесе.

16.2. Сот сақтандыру Шартын жарамсыз деп тану туралы шешімді қабылдаған жағдайда – ол құрылған күннен бастап.

16.3. Сақтандыру Шарты жарамсыз деп танылған жағдайда жарамсыздық салдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

### **17. ЗИЯН КЕЛТІРУШІ ТҮЛҒАҒА КЕРІШ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.**

17.1. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан келтірілген залал үшін өтемақы алса, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша төлеуге жататын сома мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырмашылықты ғана төлейді.

Сақтанушы Сақтандырушыға мұндай сомалардың алынғаны туралы дереу хабарлауға міндетті.

17.2. Егер заңнамада көзделмеген талап қою мерзімдері ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемдерінен толық немесе жартылай айыратын мұндай мән-жай анықталса, Сақтанушы Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемдерін (немесе олардың тиісті бөлігін) қайтаруға міндетті.

17.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының немесе сақтандыру төлемін алған тұлғаның сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы өтеді.

17.4. Сақтанушы сақтандыру төлемін алғаннан кейін 72 сағат ішінде Сақтандырушыға осы талап ету құқығын іске асыру үшін қажетті барлық қолда бар құжаттарды (туындаған оқиға мән-жайларының тергеуін жүргізетін органдармен хат алмасу, сот шешімдері, құзыретті органдардың қаулылары, тұрғылықты жері туралы мәліметтер, қолхаттар, кінәлі тұлғалардың өтініштері, ашу хаттамалары, тізімдемелер және т.б.) беруге міндетті. Көрсетілген құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқаларда берілуге тиіс.

17.5. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің кері талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Пайда алушының) кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17.6. Сақтанушы Сақтандырушыға келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға сақтандыру төлемі сомасының көлемінен артық талап ету құқығын беруге, сондай-ақ осы тұлғаға қойылатын өзге де талаптарды беруге құқылы.

17.7. Сақтандырушының сақтандыру оқиғасының басталуына кінәлі тұлғаға регрессиялық талап ету құқығын іске асыруы қажет болған жағдайда Сақтанушы жазбаша растамалар беру және т.б. қосымша ықтимал жәрдем көрсетуге міндетті.

### **18. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ.**

18.1. Сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға тәуекелдерді, сақтандыру сомаларын, сақтандыру Шарттарының нөмірлерін және олардың қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, басқа Сақтандырушылармен тасымалданатын жүкке қатысты барлық қолданыстағы немесе құрылатын сақтандыру Шарттары туралы хабарлауға міндетті.

18.2. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен құрылған шарт шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

18.3. Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан онымен құрылған сақтандыру Шартында көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемеген жағдайда Сақтанушы басқа Сақтандырушыдан жетіспейтін соманы алуға құқылы.

### **19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.**

19.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіпте шешіледі.

- 19.2. Сақтандыру шартынан туындайтын талаптар (шағымдар) Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың жалпы мерзімдері шегінде қойылуы мүмкін.
- 19.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысының қосымша сараптама жүргізуді талап етуге құқығы бар, ол оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

## **20. ҚОСЫМША ШАРТТАР.**

- 20.1. Сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы осы Ережелердің жеке қағидаларын қолданбау туралы және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын толықтыру туралы келісе алады.